

Дарынды оқушы-ұлт болашағы.

Дарынды балаларды айқындау
және дамытудағы ғылыми-
әдістемелік қызметті ұйымдастыру
жолдары.

Бұлақ көрсең, көзін аш...

Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады.”
Адам ұрпағымен мың жасайды” демекші, болашағы
бар ел ғана тарих бетінде ұлт болып жазылмақ!
Сонау ХІХ ғасырда ағартушылық-демократтық
бағыттың негізін салған Шоқан, Ыбырай,
Абайлардың, ұлттың ұстазы болған Ахметтің,
жалыны мен жігері жанған Міржақып пен
Мағжандардың ұлы мұратын жүзеге асыруға
атсалысып жүрген СІЗДЕРГЕ, құрметті әріптестер,
дарынды баланы ашуда, тәрбиелеуде Сәттілік
тілейміз!

“Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады.” Абай.

- “”... Бізге керегі шын дарындар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын, мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, нағыз әдебиет пен өнерін жасайтын тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті.” Н.Ә.Назарбаев.
- “Көп білген кісі кемеңгер кісі емес, білгені елге пайда келтірген кісі-кемеңгер.” Эсхил.
- “Неге біз алға үнемі ұмтыламыз? Өйткені өмірдің мәні-жаңалық ашу ғой...” Л.Н.Толстой

Дарындылыққа байланысты көкейкесті сан қилы сұрақтар:

- Дарындылық, данышпандық, қабілеттілік дегеніміз не?
- Дарындылықтың пайда болу негізінде қандай себеп жатыр: тұқымқуалаушылық па, әлде тәрбие ме?
- Оқушы дарындылығын, оның әлеуетті қабілетін қалай анықтауға болады?
- Дарындылықты анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің қайсысы нәтижелірек?
- Неліктен кейбір адамдардың (Паскаль, Моцарт, Гете, Гаус, Архимед т.б.) қабілеті ерте жасында байқалады, ал тағы басқа біреулердікі (Ньютон, Гегель, Дарвин, Менделеев, Декарт т.б.) ересек жаста пайда болады?

Дарынды оқушыны-дарынды ұстаз ғана дайындай алады.

- Оқушы дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы-ұстаздың және мектеп басшыларының тұлғалық қасиеттеріне, кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты...
- “... Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады.” Плутарх.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты:

- олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру.
- Ал мақсатқа жету-оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Арнайы дайындықтан өтпеген мұғалімдер дарынды оқушымен жұмыс жүргізгенде төмендегі қиындықтырды кездестіреді:

- Көптеген жағдайда ұстаздар дарынды оқушыға немқұрайды қарайды және олардың ішкі жан дүниесіне үңіле алмайды;
- Диагностикалық әдістерді білмегендіктен, дарынды оқушыны анықтауда төмен нәтижелер көрсетеді;
- Дарынды оқушымен жекелей, арнайы жұмыс жүргізілмейді;
- Дарынды оқушыларға тапсырма дайындағанда олардың қиындығына, сапасына емес, көптігіне көңіл бөлінеді;
- Дарынды оқу оқу жағынан емес, тәрбие жағынан да мұғалімге қиындық туғызады;
- Дарынды оқушымен жұмыс жүргізуде ғылыми-зерттеу жұмыстарының қажеттілік деңгейі.

Оқу мекемесінде мектеп басшылар тарапынан дарындылықты дамытуда ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетіліп отырған, өзіндік дайындығы бар ұстаз төмендегі қасиеттерімен дараланады:

- Дарындылықты анықтау, дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөледі, сол бағытта талмай жұмыс істейді;
- Қосымша бағдарламалар жасай алады, оқушы шығармашылығын дамытуда , өздігімен жұмыс істеулеріне қажетті кеңестер бере алады;
- Жұмысқа қажетті ақпарат және түрлі әдіс-тәсілдерді үнемі тауып, тиімді пайдалана алады;
- Педагогикалық үрдісті диагностикалау жұмысын жүргізе алады, одан қорытынды шығарып отырады;
- Мұндай мұғалімнің жұмысы үнемі нәтиже беріп отырады!

Мұғалімнің бағыт-бағдарына қойылатын талаптар■

- Дарынды оқушымен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезінуі;
- Оқушымен қарым-қатынастың болуы;
- Нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай іздеп, пайдалану;
- Дарынды оқушының ата-анасымен тығыз байланыста болуы.

Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар

- Пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білуі;
- Қызмет нысанын, педагогикалық үрдісті білуі;
- Жеке тұлға теориясын, оны қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін білуі;
- Заман талабына сай жаңа технологияларды білуі;
- Дарынды оқушының оқуда ғана емес, басқа да көрсеткіштеріне көңіл бөлуі;
- Шығрамашылық тапсырмалар дайындай білуі т.б.

Дарынды оқушы-бұл жақсы оқитын оқушы ма?

- Бұл пікірді белгілі ағылшын психологі П.Торранс зерттеп, шындығында бұл пікірдің ұстаздар қауымы арасында жиі кездесетінін дәлелдеді. Дегенмен, П. Торранстың пайымдауы бойынша мұғалімге көп қисынсыз сұрақ қоятын, көбіне, түсінбеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге өз көзқарасы бар, яғни дәл осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететінін айқындаған. Сондықтан осы қағиданы естен шағармаған жөн.

Мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар:

- Дарынды анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- Дарынды оқушыны (жекелей және топпен) оқытуға арналған тереңдетілген бағдарлама құрастырып, тұрақты жұмыс жүргізе алуы;
- Дарынды оқушыны зерттеуге психодиагностикалық күнделік жүргізуі;
- Оқытудың инновациялық технологияларын, дифференциалды әдісін қолдана білуі;
- Оқушылармен қарым-қатынасты психологиялық тұрғыда сауатты орната білуі;
- Дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;
- Дарынды оқушының ғылыми-ізденіс жұмыстарына жетекшілік жасай білуі;
- Дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатында деңгейде дайындай алуы;
- Дарынды оқушының ата-анасына педагогикалық психологиялық көмек көрсете білуі.

Ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары:

- “...Адам баласынан адам баласы ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерден озады” Абай.

Ғылыми зерттеудің тақырыбын таңдап алу; («яғни проблеманы қалай табуға болады?» қағидасы).

- “Оқып үйренбесең, өнерге де, даналыққа да қолың жетпейді” Демократ.

Табысқа жету, проблеманы шеше білу. (Әр жетістік –мәресіне жеткен проблема).

Өзің ойлан, өзің ізден, өзің шеш...

- “Адамдықтың басты қасиеті өнер білімге ұмтылу ” Абай.
- Дарынды оқушының өзін-өзі тануы;
- Салыстыру, іздену, дәлелдеу,табу;
- Дәлелдеудің маңызы;
- Әлемдегі “қызықты оқиғалар”;
- Ғалымдар әлеміне саяхат.

Ғылыми жобаның моделі:

- Жоба құрылымы;
- Тақырыптың өзектілігі;
- Мақсаты, міндеті;
- Болжамы;
- Зерттеу кезеңдері;
- Эксперимент әдістемесі; Зерттеу жаңалығы;
- Қорытынды.

**“Естимін-ұмытпаймын,
Көремін -еске сақтаймын,
Істеймін-түсінемін”**

Қытай даналығынан

- Назарларыңызға рахмет!

Дарынды балалармен жұмыс жүргізуді ұйымдастырудың критерийлері

- Нормативті-құқықтық құжаттар;
- Ғылыми-әдістемелік қызмет түрлері (ауысымды мектептердегі жұмыс жоспары, диагностикалық әдістемелер, инновациялық технология, олимпиада тапсырмалары, ұсыныстар);
- Ақпараттық қызмет;
- Мектеп басшыларының, мұғалімдердің жұмыс жүргізуге дайындығы;
- Білім мекемелерінің өсуі; (эксперимент түрлері, ауысымдық мектеп, резерв мектебі, банк, т.б.)